

**Қызылорда облыстық кәсіподақ ұйымында еңбек заңнамасының  
орындалуына қоғамдық бақылау және құқықтық қорғау жұмысын  
ұйымдастыру туралы  
АҚПАРАТ**

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының Қызылорда облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің *(әрі қарай – Қызылорда облыстық ұйымы)* құрамына 48 927 кәсіподақ мүшелерін қамтитын 1 қалалық, 7 аудандық филиал, 572 бастауыш кәсіподақ ұйымы кіреді.

Қызылорда облыстық ұйымы еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылау және құқықтық қорғау жұмысын ұйымдастыру қызметінде ҚР Еңбек кодексін, ҚР Кәсіподақтар туралы заңын, Салалық кәсіподақ Жарғысын, Орталық Комитеттің Құқықтық қызмет туралы Ережесі және мүшелік ұйымдарада еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылауды ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулықты басшылыққа алады.

Қызылорда облыстық ұйымында еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылау және құқықтық қорғау жұмысының ұйымдастырылуы 2022-2023 жылдар мен ағымдағы жылдың жарты жылдығы аралығына қаралды.

*Қоғамдық бақылау және құқықтық қорғау жұмыстарының жоспары* Қызылорда облыстық ұйымы қызметінің жалпы жұмыс жоспарында Атқару Комитетінің 2024 жылғы 19 ақпандағы №18 Қаулысымен бекітілген.

Облыстық комитетпен қалалық және аудандық филиалдар жанындағы білім беру ұйымдарында жоспарланған қоғамдық бақылаудың іс-шараларының іске асырылуын қадағалау мақсатында жұмыс кестесі бекітілген. Нұсқаулыққа сәйкес қоғамдық бақылау жүргізуде алдын-ала білім беру ұйымдары басшыларына хабарламалары жолданған.

Қоғамдық бақылау барысында айқындалған кемшіліктерге тиісті Актілер түзілген. Жұмыс берушіге кемшіліктерді жою бойынша ресми хаттар жіберілген және олардың орындалғаны туралы жауаптардың көшірмелері бар. *(Қосымшалар тіркелді).*

***Кесте 1. Қоғамдық бақылау бойынша сандық және сапалық көрсеткіштер***

№	Көрсеткіштер	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж. 1ж.
1.	Еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылау жүзеге асырылған ұйымдар саны (барлығы)	80	191	47
2.	Анықталған еңбек заңнамасын бұзушылықтар (барлығы), соның ішінде:	380	387	84

2.1	еңбекке ақы төлеуге қатысты	245	327	57
2.2	жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимі бойынша	45	21	9
2.3	еңбек қатынастарын ресімдеу бойынша	27	32	4
2.4	өзге бұзушылықтар	63	7	14
<b>3.</b>	<b>Жұмыс берушілерге бұзушылықтарды жою жөнінде ұсыныстар жіберілді</b>	<b>70</b>	<b>76</b>	<b>32</b>
3.1	бұзушылықтарды жою туралы жауаптар алынды	60	67	29
	<b>Қоғамдық бақылаумен қамтылған ұйымдардың үлесі, %</b>	(573) <b>14,0</b>	(571) <b>33,4</b>	(571) <b>8,2</b>

Еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылау жүргізуді Облыстық ұйым аппараты мен Қызылорда қалалық ұйымының 4 білікті құқық мамандары, сонымен қатар, сырттан арнайы мамандар тартумен кәсіподақ органдары атқарған.

Анықталған бұзушылықтардың қатарына:

- ҚР Еңбек кодексінің 93 бабына сәйкес ақылы еңбек демалысын кестелерімен қызметкерлердің таныстырылмауы;

- Кодекстің 23 бабы, 2 тармағының 26) тармақшасына сәйкес келісу комиссиясының құрылмауы;

- Кейбір мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мен мектеп алды даярлық топтарының тәрбиешілеріне айлықақының дұрыс есептелмеуі;

- Ғылыми-педагогикалық магистрлік дәрежесі бар мектеп мұғалімдеріне қосымша ақының жүргізілмеуі және т.б.

**Құқықтық қорғау жұмысының ұйымдастырылуы бойынша:**

Қызылорда облыстық ұйымының құқықтық жұмыс жоспарында білім беру ұйымдарында қоғамдық қабылдау, кәсіподақ мүшелеріне құқықтық көмек көрсету және кеңес беру, сондай-ақ оқыту семинарларын өткізу жөніндегі іс-шаралар қарастырылған.

Жалпы Қоғамдық қабылдау жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу облыстық комитетте, қалалық және аудандық филиалдарда, білім беру ұйымдарында ұйымдастырылған. *(Ақпарат тіркелді).*

Облыстық комитетпен құқықтық мәселелер бойынша әдістемелік нұсқаулықтар әзірленген: «Еңбек қатынастыры бойынша сұрақ-жауап», «Білім беру ұйымдарына арналған еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» тақырыптарында.

*Кесте 2. Құқықтық қорғау жұмысы бойынша сандық және сапалық көрсеткіштер*

№	Көрсеткіштер	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж. 1ж.
1.	Көрсетілген құқықтық көмек:	1 505	1 521	933

1.1	<i>келісу комиссиясында</i>	60	85	29
1.2	<i>жеке және қоғамдық қабылдауда</i>	653	669	368
1.3	<i>БАҚ арқылы</i>	-	-	-
1.4	<i>Интернет жаһандық компьютерлік желісінде</i>	792	767	536
<b>2.</b>	<b>Құқықтық қызметтің экономикалық тиімділігі, тг.</b>	<b>62 107 000</b>	<b>45 062 000</b>	<b>119 915, 1</b>
	<b>Бір кәсіподақ мүшесіне келетін ЭТ, тг.</b>	<b>1 254,15</b>	<b>921,5</b>	<b>2,45</b>
<b>3.</b>	<b>Құқықтық мәселелер бойынша әдістемелік нұсқаулықтар</b>	<b>12</b>	<b>10</b>	<b>1</b>
<b>4.</b>	<b>Барлық қаралған өтініштер саны</b>	1 644	1706	698
	<b>Бір құқықтық инспекторға келетін өтініш-шағымдар саны</b>	<b>548</b>	<b>853</b>	<b>232</b>

Облыстық ұйым аппаратымен барлық мүшелік ұйымдардың кәсіподақ белсенділерімен, қалалық, аудандық ұйымдардың, төрағалары үшін бірқатар семинарлар мен кеңестерді жыл сайын өзекті тақырыптарға («Бастауыш кәсіподақ ұйымы: Жаңа бастамаларға бетбұрыс», «Білім беру ұйымдарында қауіпсіз және жайлы орта қалыптастыру», т.б.) саланың білікті мамандарының қатысуымен өткізу дәстүрге айналған.

Қоғамдық бақылау және құқықтық қорғау жұмыстары бойынша сандық және сапалық көрсеткіштер динамикасы 1, 2 кестелерде көрсетілген.

Кесте мәліметтері Қызылорда облыстық ұйымында құқықтық қорғау және еңбек заңамасының орындалуына қоғамдық бақылау бойынша жұмыстардың оңтайлы динамикасын сипаттайды.

**Кәсіподақтың Орталық Комитеті  
Аппаратының құқықтық жұмысы,  
ЕҚ және ЕҚ бөлімі**